



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

істеген жөн? Қысқасы, халыққа жаппай хат таныту шараларын қарастырған мақұл"-деп көрсетті[3]. Осы аталғандардан бөлек күн тәртібіне земство мәселесі, қазақ саяси партиясын құру, Құрылтай жиналысына қатысушаларды және қабылған қаулыларға көзқарас мәселелері ұсынылды. Тарихи кезеңде баспадан шығып отырған басылым беттерінде қазақ сиезін шақыру мәселесімен қатар жоғары дәрежеде болыстық, уездік және облыстық қазақ сиездерін өткізуге мұрындық болды. Мәселен, Семей облыстық қазақ комитетінің төрағасы Р.Мәрсекөв тарапынан " 25 апрельде Семейде болатын облыстық қазақ сиезіне әр болыстан 2 өкілден шақырылатындығы және сиездің мақсаты - Учредительное собраниені түсіндіріп, сайлауларына халықты күтіндіру, қазақ халқының сельскі программасын шығару. Басқа облыстардан өкілдер шақыратындығы" белгіленілді [4].

Жалпы Б.Сыртанов шақырылатын жалпы қазақ сиезіне төмендегідей мәселелерді талқылауға ұсынды:

- 1) Отарлық саясаттың салдарынан қазақ елінен тартып алынып жатқан жерін қазақ халқына қайтарып беру және болашақта мұндай әрекеттерді тоқтату;
- 2) Мемлекеттік Думаға қазақ халқының депутаттарын сайлау;
- 3) Қазақ даласында қажет болған болыстарда діни муфтилер тағайындау;
- 4) Жергілікті халықты Ресей империясы орыстарының құқықтарымен теңеу [5].

Зерттеу барысында Уақытша Үкімет тұсындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси жағдайының өрбүтарихына қатысты ғылыми айналымға енгізілген еңбектерді және пайдаланымға жаңадан шығарылған мұрағаттық деректерді тақырыптық арнада тиімді пайдалану және тарихи тұрғыда саралау арқылы диплом жұмысына ғылыми мағына беру. Тақырып аясына қатысты барлық дегейдегі тарихнамалық-деректік базаны барынша сұрыптау және талдау арқылы дипломдық жұмысымызға енгізу және соның негізінде авторлық тұжырымдар мен пікірлерімізді ұсыну.

Қазіргі заманғы тарих ғылымында бар ой-пікірлер мен тұжырымдар шеңберінде және одан тыс қалыптағы ғылыми пайымдауларға сүйене отырып тақырыптық зерттеу нысандарына алынған мәселелер бойынша тұжырымдар жасау және оған қолданбалық сипат беру.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рүстемов С.К. XX басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық көзғалыс:тар. ғылм. канд.авторөф.- 1997.- 131б.
2. Сиез жасау //Қазақ.-1917.- 9 наурыз.- №221
3. Жалпы қазақ сиезі//Қазақ.- 1917.- 14 наурыз.-№ 234
4. Ішкі хабарлар//Қазақ.-1917.- 21сәуір .-№225
5. Өзбекұлы С. Ел жарғысының жобасын жасаған// Егеменді Қазақстан.- 1996.- 9 сәуір

ӘОЖ 93/94

### **МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ФУНКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ**

**Сейдамат Нұржан Мәлікұлы**

seidamat@list.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. К. Ерменбаева

Адамзат қоғамында, жалпы адам өмірінде әр ғылымының орны бар. Осы ғылымдарда тарих ғылымының орны ерекше. Тарих ғылымы пайда болған кезден-ақ ол белгілі бір

әлеуметтік топтардың мүддесіне сәйкес келді. Кез-келген ғылыми танымдың әлеуметтік мәні болады. Ал тарих ғылымының орны адамзат қоғамында ерекше. XIX ғасырдың басында тарих ғылымының қоғамдағы орны мен қажеттілігі арта бастады. Бұл уақытты кейде тарихтың «алтын ғасыры» деп те атайды. Бұл тарих ғылымының қоғамдағы орнының өсуі, сол кездегі ел басқарып отырған саясаткерлер мен үкімет басындағылар тарихи заңдылықтар мен тарихи үрдістерді білуі қажет болды. Бұған дәлел В. Н. Сидовцевтың ұжымының «Методологические проблемы истории» деп аталатын кітабында былай деп жазады «Историография призвана удовлетворить широкий спектр социальных и индивидуальных потребностей» [1,139].

Бірақ та XX ғасырда тарих ғылымы дағдарысқа ұшырайды. Ғылым саясаттың құралына айнала бастады. Тарих ғылымы белгілі бір елдердің идеологиялық ұстанымдарының негізіне айналды. Әрине, мұндай жағдайда тарихшы шындықты айта алмайтындығы белгілі.

Қазіргі кезде тарих ғылымының әлеуметтік-саяси функциясы туралы түсінік басқаша бола бастады. Қазіргі таңдағы тарихшыларға қоғамда болып жатқан саясат, шаруашылық, мәдениет саласындағы тәжірибелерді жинап келер ұрпаққа беру керек. Осы жерден шығатын қорытынды Тарих өркениет пен ұрпақ арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Тарих ғылымының функцияларына көп көңіл бөлген М. Қ. Қозыбаев болды. Өзінің 1992 жылы жарыққа шыққан «Ақтаң-дақтар ақиқаты» еңбегінде «Егер тарих ғылымының алдында тұрған міндеттерді бетбұрыс кезеңінің талаптары тұрғысына саралайтын болсақ, тарихшылардың туған халқы алдындағы қарызы белшесінен екені айқын көрінеді. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тарих ғылымы алдымен сталиндік жосықсыздықтардың, содан кейін волонтаризм мен субъективизмнің, тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырмауында болып келеді. Осы сөзінен қорытынды шығаратын болсақ тарих ғылымының танымдық функциясы оның саяси функциясына тәуелді екендігін айтуға болады. М. Қ. Қозыбаев тарих ғылымының функциясы қоғамда тұрған проблемаларды шешуде тарих білім беру ғылымының борышы деп білді. Оны ғалымдар әр түрлі түсіндіреді. Мысалы, ағылшын ғалымы Г. С. Боллингброк бойынша ғылымның міндеті «История-это философия, которая учит нас с помощью примеров» [2,11]. Қандай да болмасын халық өз тарихын білгісі келеді. Бұл туралы ел Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардардағы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзің бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды» -деп көрсетеді [3,4].

Тарих ғылымының тағы бір функциясы – халықтың тарихи санасын ояту. Тәуелсіздікті алғаннан кейін бастапқы жылдары тарих ғылымының қоғамға қажеттілігі ерекше көрінеді. Мұны Манаш Қозыбаев былай түсіндіреді «Процесс пробуждения национального самосознания, духовного возрождения нации развивался ускоренными темпами, опережая разработку проблем истории, языка, литературы, нравственных категорий. В условиях формирования исторического сознания оказалось востребованной, в первую очередь, отечественная история» [4,4].

Тарих ғылымының тағы бір міндеттері күнделікті өзгеріп жатқан қоғамдық құбылыстарға жеке адамның икемделуіне көмек жасау. Бұл жайында Манаш Қозыбаев тарих ғылымы жеке адамның жаңа өмірге икемделуіне көмектеседі деген пікір қалыптастырды. Оның ойынша тарих ғылымын білген адам қоғамда өз орның табады деп ойлаған.

Қазіргі заманда жер бетін мекендеп өмір сүріп жатқан әртүрлі халықтар бар. Сол халықтардың өзіндік жүріп өткен жолы, қилы-қилы тағдыры мен тарихы, мәдениеті бар екендігі анық. Көне замандардан бүгінгі күнге дейін сақталып, ұрпақтар сабақтастығымен жалғасқан халықтардың негізінен іргелі мәдениеті, өркениеті, тілі және діні болды. Сол себепті, олар өркениеттер қақтығысында және теке-тіресте тегеурін танытып, өміршең болды. Ал, бірқатары тарих сахнасынан жоғалып, өзге мәдениеттің ықпалына түскендіктен жұтылып кетті. Бұл тарихи шындық. Қазақ елінің тарихы патшалық және кеңестік билік заманында бұрмаланып, дұрыс жазылмай келді. Тек, еліміз еркіндікке қол жеткізгеннен кейін ғана «ақтаңдақ» беттері

ашылып, ұлттық тарихты тарихшыларымыз жаза бастады. Қазақ елі тәуелсіздігінің 20 жылдығына дейін көптеген зерттеу еңбектері жарыққа шықты. Бірақ, әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптар бар. Тағы бір күрделі қалыс қалып келе жатқан саласы – тарих ғылымының теориясы мен методологиясы. Отандық тарихшыларымыз осы сала бойынша жұмыс жасауы қажет. Себебі, теория-методология мәселесін көтермейінше зерттеу жұмыстары да өз дәрежесінде болмайды. Қазақ елінің тарих ғылымы келесі 20 жылдықта бұдан да биікке көтерілуі тиіс. Сондықтан, тарихшы қауым ортақ ақылдасып, іргелі зерттеу еңбектерін жарыққа шығаруы керек.

Академик Қозыбаев аз ғұмырында халықтың ұлттық санасын оятуда, жаңа заманға сәйкес адамды икемдеуге, тарих ғылымының қоғамдағы рөлін арттыруға сөзімен де, ісімен де, жариялаған мақалалары, кітаптарымен де ықпал етті. Өкінішке орай ол өмірден озғаннан бері, тәуелсіз елдің тарих ғылымы өзінің бұрынғы өрлігінен айырылып қалған сияқты. Соңғы жылдары тарих ғылымында бейжайлық самырқаулық, тоқмейілісіну басымдылық танытуда. Оның белгісі қазақ тарихнамасы жаңа ой айтылған зерттеулерге зәру. М. Қозыбаев бастап кеткен көп томдық «Қазақстан тарихының» соңғы бөлімдері әлі жарық көрген жоқ.

Кейбір ғалымдар тұжырымы бойынша тарихи тәжірибені болашақты болжау үшін де пайдалануға болатын көрінеді. Москва университетінің профессоры, белгілі тарихшы И.Д. Ковальченко қоғам дамуының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихын нақтылы зерттеудің іргелі ғылыми маңызы бар деп есептейді. Әсіресе қоғамның элеуметтік құрылымын зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді бүгінгі элеуметтік саясат жүргізу барысында тиімді пайдаланса, қаншама қателіктерге жол берілмес еді. Тарих ғылымының тәрбиелік функциясы жөнінде көне және орта ғасырларда өмір сүрген тарихшылар айтып кеткен. Антика заманында өмір сүрген батырлардың өмірбаяның жазған Плутарх өзінің негізгі мақсатын жастарға тәрбиелік функциясын түсінген алғаш мемлекеттердің бірі-Алмания еді. XIX ғасырдың басында бұл ел саяси бытыраңқы, шаруашылық жағынан артта қалған ел болатын. Бірақ, аз уақыт ішінде саяси топтасып, Европаның алдыңғы қатарына шығады. Бұл тарихшылардың еңбегі. Олар неміс мектептеріндегі тарихты оқытуды бірінші жолға қойды. Олайда XX ғасырдың 30-40 жылдарында неміс ұлтшылдығы шектен шығып бүкіл әлемге қауіп төндірді. Осындай қателіктерді жібермес үшін тарих пәнінің тәрбие берудегі мүмкіндігін реттеп отыратын механизм керек. Кейбір ғалымдар тұжырымы бойынша тарихи тәжірибені болашақты болжау үшін де пайдалануға болатын көрінеді. Москва университетінің профессоры, белгілі тарихшы И.Д. Ковальченко қоғам дамуының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихын нақтылы зерттеудің іргелі ғылыми маңызы бар деп есептейді. Әсіресе қоғамның элеуметтік құрылымын зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді бүгінгі элеуметтік саясат жүргізу барысында тиімді пайдаланса, қаншама қателіктерге жол берілмес еді. Тарихтың ғылым ретінде оның табиғатын айқындайтын негізгі элеуметтік функциясы хальштың, жеке тұлғалардың өткенін ұмытпау, есте сақтау. Тарихтың атасы атанған көне грек тарихшысы Геродот «чтобы прошедшие события с течением времени не пришли в забвение и великие и удивления достойные деяния, как эллинов, так и варваров не остались в неизвестности, в особенности же то, почему они вели войны друг другом» [2,12] деп жазған болатын. Міне осы тарихшының жинап, ғылымға кіргізген деректері осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Оның қазақ жерін көне заманда мекендеген тайпалары жөніндегі мәліметтері бүгінде қазақ тарихының негізгі деректерінің бірі болып отыр, Жалпы антика, орта ғасырлық тарихшыларының еңбектері аркасында өткен замандардағы уақиғалар мен саяси, экономикалық және рухани процесстер біздерге дейін жетіп отыр.

Тарих төрінен орын алатын қоғам қайраткерлеріне баға беру ғылымның негізгі функцияларының бірі. Өткен заманда өмір сүрген, қоғамның экономикалық, саяси дамуына, халықтың рухани байлығына үлес қосқан жеке тұлғаларды іріктеі, оларды дәріптеу, насихаттау біздің қасиетті борышымыз. Бұл тұста академик М.К. Қозыбаев көзі тірісінде үлкен жұмыстар

атқарды. Мысалы оның Мұхамед Хайдар Дулатидың қазақ топырағында қайта түлеп, оның шығармаларының қазақ тілінде басылып шығуы қазақ тарихшыларының мәртебелі міндеті еді. Немесе тарихшы болмаса да Ақжан Машанидің 1960-70 жылдары Әбунасыр Әл-Фараби мұраларын терен зерттеп, оны өз халқына қайта қайыруы үлкен азаматтық ерлік еді.

Қорыта айтқанда қазақ тарихының ғылымының жаңа әдіснамалық қағидаларының негізін қалаған академик М.Қозыбаев тарих ғылымының функцияларын өзі жақсы түсініп, бізге келер ұрпаққа дұрыс түсіндірді деп ойлаймын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Методологические проблемы истории./В. Н. Сидорцев и др. Под общ. ред. В. Н. Сидорцева. – М.: Тетра Система, 2006. – С. 374.
2. Геродот. История. -Л.,1972, - 345 с.
3. Боллингброк Г. С. Письма об изучении и пользе истории.-М., 1978.- С. 256.
4. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында.-Алматы, Атамұра, 1999. -460 с.
5. Қозыбаев М. К. Казахстан на рубеже веков: Размышления и поиски. В двух томах. Книга первая.-Алматы: Ғылым, 2000 – С.180.

ӘОЖ 930.314(045)

#### **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН БАҒДАР**

**Советхан Әмина**

amina051199@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері –Талғатбек М. О., Дүкенбаева З.О.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында концептуалды мәселелер қозғалған. Атап айтқанда, ұлттық сананы жаңғырту ерекше орында тұр. Рухани жаңғыру үшін ұлттық менталитет пен ұлттық кодтың сақталуына айрықша мән беруіміз қажет. Егер ұлттық менталитет әрбір ұлттың өзіндік бітім-болмысы болса, ал ұлттық код – рухани сананың алтын өзегі болуға тиісті. Сондықтан да Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу» деп орынды атап көрсете отыра, ел ертеңі жастарға да үлкен сенім артады. Мемлекет басшысының аталмыш бағдарламалық мақаласындағы көкейкесті ой-пікірлерінде: «Жаңғырудың жарқын жолы – жастардың қолында», – деген қанатты сөзін әркез айтып келеді [1,1].

Рухани жаңғыру – бұл адам сана сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, жастардың рухани байлығы дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана –тілін білуі мен мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Сондықтан да, Елбасының бағдарламалық мақаласы елдің ертеңі - мына біз, жастарға арналған.

Тәуелсіздігімізді алғалы 26 жылдан уақыт асты. Егемен ел болған Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, елдің тізгінін ұстайтын халге жетті. Сондықтан болар, Елбасының аталған мақаласының негізгі өзегі жастарға ескерту, олардың көзін ашу, алға жетелеу болып табылады. Бағдарламалық мақалада кездесетін «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін маңызы өте зор. Себебі, білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр. Сандық Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. ХХІ ғасырдың ұрпағы сандық әлемге етене енбесе, кеңестік кезеңнің дәмін татқан буынның икемі бірден келе бермейді. Басты талап меңгеру. Қай жағынан келсе де кез келген саланы жіті меңгере отырып, жұмыс жасау. Мақалада көрсетілген орындалу керек